# SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№73 (9051)

СӘРСЕНБІ
5 қазан, 2022 жыл


**Әлихан Смайылов:**

## Оқулықтарды цифрлық форматқа көшіруді жеделдету керек

**Үкімет үйінде өткен кеңес барысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру жөнінде тапсырмалар берді, деп хабарлайды Egemen.kz Үкіметтің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.**



Премьер-Министр Мемлекет басшысы Реформалар жөніндегі Жоғары кеңестің отырысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының негізгі тәсілдерін мақұлдағанын, оның шеңберінде 800 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы мектептер салу жоспарланғанын еске салды.

«Ұлттық жобаны іске асыруға жедел кірісуіміз керек. Алайда бүгінде өңірлердегі 143 мектептің жер учаскелерін анықтау бойынша сұрақтар шешілмеген. Бұл жұмысты барынша тездету қажет: қазан айының соңына дейін құрылысы 2023 жылы және жыл соңына дейін 2024 жылға жоспарланған мектептер бойынша мәселені шешу керек», деді Әлихан Смайылов.

Сондай-ақ ол оқу процесін цифрландыруды тездету қажеттігін атап өтті.

«Осыған байланысты оқулықтарды цифрлық форматқа көшіруді жеделдету және балаларды ауыр сөмкелерден арылту қажет. Әкімдіктермен бірлесіп, оқушыларды планшеттермен қамтамасыз ету мәселесін шешуді қолға алу керек. Атап айтқанда, "Қазақстан халқына" қорымен бірлесіп, оларды ауылдық мектептердің балалары үшін сатып алу мүмкіндігін пысықтау керек», деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Кеңес соңында ол Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне байланыс операторларымен бірлесіп, еліміздің барлық мектебін сапалы, жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етуді тапсырды.



## Мемлекет басшысы Ерлан Қошановты қабылдады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.**

Президентке Парламент Мәжілісінің қазіргі заң шығару қызметі туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, Мәжіліс депутаттары «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Конституциялық сот туралы», «Прокуратура туралы» заң жобаларын, сондай-ақ бірқатар конституциялық және басқа да заңдарға енгізілетін өзгерістерді қарастырып, Сенатқа жолдады.

Палата мақұлдаған заң жобалары биылғы 5 маусымда өткен референдумда халық дауыс берген конституциялық реформалардың негізгі ережелерін жүзеге асыруға бағытталған. Енгізілетін заң нормалары азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын күшейтуге және тұрғындардың еліміздің саяси өміріне араласу мүмкіндігін кеңейтуге септігін тигізеді.

Ерлан Қошанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа парламенттік дипломатия және шет мемлекеттердің заң шығарушы органдарымен арадағы іс-әрекеттер аясындағы жұмыстардың негізгі басымдықтары туралы баяндады.

Мәжіліс төрағасы Мемлекет басшысына Түркияның Изник қаласында өткен IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне еліміздің делегациясының қатысқаны жөнінде айтты. Түркі қоғамдастығы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын 2024 жылы Қазақстанда өткізу жөніндегі ұсынысты бірауыздан қолдады.

## Биыл елімізде қанша тонна көмір өндірілді

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Үкіметте өткен кеңесте халықты көмірмен қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді, деп хабарлайды Egemen.kz Үкіметтің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.**

2022 жылғы қаңтар-тамызда елімізде 73,7 млн тонна көмір өндірілген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,2%-ға көп. Көмір өндіруші кәсіпорындардың деректері бойынша оның негізгі разрездердегі құны өткен жылғы деңгейде сақталған. Ал сату орындарында көмір бағасының өсуіне жол бермеу үшін оны үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету және автомобиль көлігімен елден тыс жерлерге әкетуді шектеу (6 айға) жөнінде шаралар қабылданды.



## Қазақстанда мұғалімдерге арналған бескүндік енгізілді

**ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 қыркүйектегі бұйрығымен педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ерекшеліктерін анықтау ережесіне өзгерістер енгізілді, деп хабарлайды Egemen.kz.**

Енгізілген түзетулерге сәйкес, білім ордаларында бес күндік оқу енгізіледі. Сенбі және жексенбі күндері демалыс болады. Бірақ үш ауысымда оқитын, орын жетіспейтін мектептерде, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақ кестесі бұрынғыдай қала береді. Үш ауысымда оқитын, орын жетіспейтін мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер үшін жексенбі ғана демалыс болып бекітілді.

Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша шарттық негізде жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерінің жұмыс уақыты мен демалыс режимі ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

Бұйрық 2022 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

*«Егемен Қазақстан» газетінен.*

# Аудан әкімі қарттарға құрмет көрсетті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков 1-қазан Халықаралық қарттар күніне орай 90 жастағы Мами Дадабекұлы мен 91 жастағы Бәтжан Махажанқызының отбасына барып, мерекемен құттықтады. Сый-сияпат жасап, иықтарына шапан жауып,



орамал тақты.

Шолаққорған ауылында тұратын Дадабеков Мами атамыз 1931 жылы дүниеге келген. Ұзақ жылдар бойы совхозда қызмет жасап, бес ұл, үш қыз тәрбиелеп өсіріп, 22 немере, 12 шөбере көріп отырған қазыналы қария. Махажанова Бәтжан апа алты ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірген-Батыр ана. Қазіргі таңда 32 немере, 38 шөбере, 7 шөпшегінің ортасында ғұмыр кешіп отырған бақытты әже.

Арнайы ат басын бұрған аудан басшылығына ризашылығын білдірді. Елдің амандығы, халықтың бірлігінен артық ештеңе жоқ дейді, қариялар.

*«Созақ үні»-ақпарат.*

# Атадан Өсиет-Ұрпаққа Қасиет



Қазанның 1-і Халықаралық Қарттар күніне орай, 28 қыркүйек күні аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде өткен іс- шара осылай аталды. Ауданымыздың біркатар қарттары жиналған жиынға аудан әкімі М.Тұрысбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов және аудандық мәслихаттың депутаты Тұрғанбаев Берік және жергілікті БАҚ өкілдері қатысып отырды. Шараны Қабылбек Еспенбетов сөз сөйлеп ашты және ауданымыздың барша қарттарын мерекелерімен құттықтады. Мұнан әрі сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Әбубәкір Сахиұлы кеңестің күні бүгінге дейін ауданымыздың игілігі үшин атқарып келген, алда атқаратын ізгі істеріне тоқталып өтті. Онан соң, сөз алған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы да қарияларымыздың ауданымыздың экономикасы мен руханияты үшін күні бүгінге дейін көп үлес қосқандықтарын сөз ете келе, алдағы уақыттарда да өңіріміздің өркендеуіне елеулі үлес қоса беретіндіктеріне сенімі мол екенін жеткізді. Сондайақ, қазыналы қарттарымыздың күні бүгінге дейінгі еңбектерін бағалап, аудан әкімдігі демеушілердің есебінен аудан орталығы Шолаққорғаннан «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» атауымен әлеуметтік- сауықтыру орталығын ашқанынан хабардар етті. Осының бәріне сіздер лайықтысыздар дей келе, сол орталыққа келіп, түрлі бағыттағы сауықтыру шараларына шақырды. Мұнан бөлек, жалпы еліміз бен өңіріміз үшін аудан қарияларының орыны ерекше екенін атап өтті және алда саяси науқан, Президент сайлауы келе жатқанын тілге тиек етті. Бүкіл еліміз үшін маңызды осы бір саяси науқан кезінде аудан қарияларының белсенді болуына, сайлаудың белсенді әрі әділетті өтуіне атсалысуларын сұрады. Мұнан кейін сөз алған Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты ардагерлер ұйымының төрағасы Бүркіт Арынбеков сөз алып, ауыл ардагерлерінің атынан ауданымыздың қарттарын мерейлі мерекелерімен құттықтап, жүрекжарды жылы лебіздерін жеткізді. Шараның соңы ауданымыздың біркатар қарттарын ауданымыздың дамуына қосқан үлестері үшін марапаттау рәсіміне ұласты. Марапаттаудың арты да ата-әжелерімізден құралған өнер тобының концерттік бағдарламасына ұласты!

***Данияр БЕК.***



# МЕРЕЙІ ҮСТЕМ «Мерейлі отбасылар»

"Мерейлі отбасы" ұлттық байқауы биыл сегізінші мәрте өткізіліп отыр. Ең алғашқы рет 2013 жылы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен өткен болатын. Аталған байқау ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, отбасылық тәрбие, адамгершілік қағидаларын насихаттау, бала тәрбиесі, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, жанұялық ауызбіршілік, ынтымақтастық пен өзара татулықты дәріптеу мәселелерін алдыңғы қатарға қояды. Аудандық сүзгіден өткен зейнеткер ұстаз Иманбеков Әли ағай мен 'Созақ үні" газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай облыстық байқауға жолдама алған болатын.

Өткен аптада Түркістан қаласында Рамада орталығында облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен өткен облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына ауданымыздан қатысқан екі жерлес отбасылар ынталандыру сыйлығына ие болып, арнайы Алғыс хаттармен марапатталды.

«Мерейлі отбасы» байқауында марапат алған отбасыларға әрдайым мерейлеріңіз үстем бола берсін демекпіз!

***Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.***

# «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры Созақ өңірінде

Өткен аптаның соңына таман редакциямызға Жартытөбе ауылдық округінің әкімі Болат Есенғабыл хабарласып, жағымда жаңалығы барын айтқан болатын. Болат Лесбекұлының айтуынша, Созақ өңіріне аудан әкімдігінің шақыртуымен «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қорының өкілдері келген көрінеді. Жай келіп қана қоймай, келелі бір істің құрылтайшысы болғанға ұқсайды. Бұл жайлы Жартытөбенің әкімі Болат Есенғабыл былай деп мәлімдеді:

«Биылғы жылы «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қорыныңқолдауына сәйкес қайырымдылық көмегімен Созақ ауданы Жартытөбе елді мекеніндегі Жартытөбе, Аққолтық, Бабата елді мекендерінде «ЭКО Атамекен» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мектеп ғимараттарының ішінде дәретхана бөлмелерін ұйымдастыру»жобасын жүзеге асыру мақсатында Жартытөбе ауылдық округінің әкімшілік ғимаратында мектеп басшыларымен бірлесе отырып, әлеуетті өнім берушілермен бірлескен дөңгелек үстел болып өтті



Соңғы жылдары оңтүстік аймақтағы мектеп дәретханаларының жағымсыз жағдайы елді дүр сілкіндірді, қылмыс пен зорлық-зомбылықтың көптеген жағдайлары белгілі болды. Жалпы, көше дәретханаларын үнемі бақылауда ұстау мүмкін емес.Бұл жәйт, ата-аналар үшін шешімі табылмай отырған проблеманың үлкені деуге болады. Сондай- ақ,бұл мәселе көмек пен қолдауды қажет етеді. Жоспарланып отырған жұмыс осы мектептерде өз ұрпағымыздың алаңсыз білім алуына, жұмысқа орналасуына көмек көрсетеді, сонымен қатар оларды қоғамдағы және отбасындағы қалыпты өмір сүруге қалыптастыруға жәрдемдеседі.

2019 жылы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов Үкімет жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және оларды қорғау жөніндегі комиссияның отырысында білім беру мекемелеріндегі сыртқы дәретханаларды жоюды және мектеп ғимаратының ішінде дәретханалар салуды тапсырған болатын. Мұны Үкімет қолдады.Өкінішке орай, сол үкімет бюджетінен қаражаттың бөлінбеуіне байланысты міндет орындалмады және осы күнге дейін мектеп оқушылары, мұғалімдер, кіші қызметкерлер бәрі көше дәретханаларын пайдалануға мәжбүрболып отырған болатын. Көшедегі дәретханаларын пайдалану барлық осы мектептердегі оқушы, мұғалім, бастауыш сынып оқушылары мен жасөспірімдердің (әсіресе қыста қыздардың) денсаулығына, қауіпсіздігі мен гигиенасына теріс әсер ететіні анық.

Біздің идеямыздың маңыздылығы да сол, Қайырымдылық жоба шалғай ауылдағы жауабы табылмай отырған әлеуметтік мәселелерді шешуге, ұзақ мерзімді, тұрақты және оң әлеуметтік өзгерістердің пайда болуына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды. Жобаның тікелей бенефициарлары мақсатты топ: Созақ ауданы Жартытөбе, Аққолтық, Бабата елді мекендеріндегі Ш.Уәлиханов, Қ.Кемелұлы және М.Мәметова атындағы жалпы орта мектептердің ұжымы, оқушылары және олардың ата-аналары.

Болар істің басына, жақсы келер қасына деп, Білім Министрі бұйырып, «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры құрылтайшы болған бұл игі іске құтты болсыннан басқа айтарымыз жоқ. Осындай, ел игілігін әрі кемел келешегін ойлайтын атпал азаматтарымыз көп болсын. Ертеңгі болашағымыз мықты болсын десек, дені сау ұрпақ тәрбиелеу бәріміздің де мойнымыздағы борышы!

***Данияр ҚОЖАНТЕГІ.***

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.



ше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын, - деп сөзін аяқтады Гүлбану Ахметқызы.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз-өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс-қимылы, балалармен, үлкендермен қарым-қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып,

# Балалардың бал мекені-«Балаусаға» 10 жыл

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, болашақ ұрпақты саналы тәрбиелеу үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әрбір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса құба-құп болар еді.

Өздеріңізге белгілі, 2012 жылы аудан орталығы Шолаққорғаннан 140 орындық заманауи талаптарға сай «Балауса» бөбекжай-балабақшасы біздің кішкентай бүлдіршіндеріміз үшін есігін айқара ашқан еді. Содан бері міне, 10 жыл уақыт артта қалыпты. Осы 10 жылда аталған балабақшадан талай бүлдіршіндер тәлім-тәрбие алып, қанат қақты.

Бүгінде «Балауса» бөбекжай-балабақшасында 6 топта 140 бала (тәрбиеленуші) тәрбиеленуде. Олармен жоғары білімді мамандар жұмыс жасауда. Қазіргі уақытта тәрбиешілер заман талабына сай қайта мамандандырылып, білім жетілдіру курстарынан толығымен өткен. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің даму концепциясын (жоба) іске асыру мақсатында жұмыс атқарып жатқан инклюзивті топ та бар.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған, нәтижелі жетістікке жету мақсатында педагогтар жан-жақты ізденіп жұмыс жасауда. Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы инновациялар енгізілуде, оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Атап айтсақ балабақшада баланың бойында ұлттық сананы қалыптастыру, халқымыздың әдет – ғұрыпы мен салт – дәстүрін білетін ұрпақ тәрбиелеу жолындағы «Даналық әліппесі» мен «Әуенді кесте», қол маторикасын дамытуда «құм терапиясы», баланың шығармашылығы мен қоршаған ортаны тануға қызығушылығын дамытуда квиллинг және вольдорфтың әдіс, ТРИЗ технологиясы мен Монтессори технологиясы элементтері, Ригалық әдіс, А.А.Уманскидің нүктелі шынықтыру шарасын жүргізу арқылы сауықтыру шарасы жүргізілуде. Сондай-ақ, ата-аналармен жұмысты жандандыру мақсатында да жаңа дәстүрлі емес формадағы іс-шаралар, тренингтер мен рингтер ұйымдастырылып, «Әжелер кеңесі» мен «Жас аналар» мектебі жұмыс жасауда. Аталмыш технологияларды аудандық балабақшалар мен шағын орталықтар арасында іс-тәжірбие алмасу семинарлары өткізіліп, тәжірбие барысында көрсетіліп тұрады.

Балабақшадағы балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жол-көлік жарақаттарының алдын алу мен «Азаматтық қорғаныс» бойынша өткізілетін шаралар жылдық жоспарда қаралған. Осының дәлелі ретінде балабақшада Облыстық Төтенше Жағдайлар Басқармасының бастмасымен кешенді оқу жаттығу практикасы өткізіліп тұрады.

Жалпы ауданымызда өтіп жатқан мәдени іс-шараларға да балабақша ұжымы атсалысып отырады. Осынау атқарған жұмыстар нәтижесінде тоғыз жыл ішінде балабақша ұжымы көптеген жетістіктерге жетті.

Жоғарыда айтқанымыздай «Балауса» бөбекжай-балабақшасына биыл – 10 жыл толып отыр. Осы айтулы мерейтойға орай өткен аптада балабақша ғимаратында ауқымды іс-шара ұйымдастырылды.

Аталған шараны балабақша меңгерушісі Өміртаева Гүлбану Ахметқызы ашып, келген қонақтарға және балабақша ұжымына алғысын айтты.

Бүлдіршіндердің қатысуымен арнайы концерттік бағдарлама, түрлі ойындар өткізіліп, ән мен биден шашу шашылды. Шараға қатысқан қонақтар мен ата-аналар балабақша ұжымына алғыстарын айтып, шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғандығын тілге тиек етті. Сондай-ақ, шарада балабақа қызметкерлері аудандық білім бөлімі, білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы төрағасының «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

- Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие мен білім сапасын арттырады. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетін дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.




Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеолардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым-қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата-анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады,

Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» деп бекер айтылмаған. Дана, ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата-анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан».

Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар көзі – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық! Тәрбиенің алтын бесігі - балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық!

***Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,***
***Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.***

# Ерлер еңбегі елдің есінде



Еңбек ардагері Әжібеков Қасымбек 1922 жылдың қыркүйек айының жиырма алтыншы жұлдызында Созақ ауданында дүниеге келіп, сол топырақта өмірінің көп жылдарын өткізген қарт жауынгер.1939 жылы 17 жасында «Талапты» колхозына мүше болады. 1941 жылы Түркістан педучилищесінде оқып жүрген жерінен соғысқа аттанады.Соғысқа өзімен бірге інісі Досымбекте (17 жаста, жасын екі жылға үлкейтіп жаздырып) аттанып, әр қайсысы әр жаққа бөлініп кеткенде, Әбілда Талпақов деген жерлесімен жаяу әскерге түсіпті. Украина майданында жаумен айқасқан. 1944-1946 жылдар аралығында Тамбов кіші офицерлер дайындау мектебінде оқиды. Кіші лейтенант дәрежесін алып қайта майдан шебіне жіберіледі. Атты әскерде, әуе қарулы күштерінде командир қызметтерін атқарады. Соғыстан кейін 1946-1947 жылдары Германияда әскери қызметте болады. Елдегі анасы мен он жасар қарындасының жағдайына байланысты Жоғарғы қолбасшыға хат жазып елде қызмет етуге сұранады. 1947-1960 жылдары облыстық әскери комиссариатында істейді. Отбасы жағдайына байланысты әскери қызметтен кетіп, аудандық мәдениет ұйымының басшысы, ірі қара фермасының меңгерушісі, 1960-1962 жылдары Қапланбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында екі жыл тыңдаушы-студенті атанып,агроном мамандығын оқып келіп, жаңадан құрылған «Шу» совхозында 1963-74 жылдары агроном, №2 ферма меңгерушісі, 1975-77 жылдары егіс бригадирі, ХРМ азық-түлік меңгерушісі, 1978-79 жылдары Созақ аудандық мемлекеттік сақтандыру инспекторы, бау-бақша агрономы, 1980-1983 жылдары Шу совхозына қарасты дайынау мекемесінің дайындаушысы қызметтерін атқарып, зейнет демалысына шығады. Ол кісінің:-Ел шетіне жау тигенде намысы оянбайтын ер азамат болмайды. Отағасы болып отырған әрбір әке де, бозбала да, ел ағасы да, тіптен қарттар да туған елге қауіп төнді десе етігімен су ішіп, ереулі қолға найза алып, еңку -еңку жол шалып аттануға әзір. Ердің қанында елге деген махаббаты қоса туылады. Елдің тыныштығын мойнына аманат етіп алған әрбір азамат елі үшін қан төгуге қиналмақ емес. Ол сұрапыл соғысты енді сендерге көрсетпесін, ер майданда ғана сыналмайды, елін бейбіт күнде де қорғайды-деп айтқаны ұрпақтарының әлі күнге дейін жадында сақталған.

Бір жолы әкелерінің денесіндегі тыртықты жараның орнын көрген балалары: -Папа мынау не, сені кім атты?-деп сұрайды екен. Сонда жарықтық ерінбей- жалықпай күліп отырып жауап беретін данышпан адам еді,-дейді ұл-қыздары.

-Мен кеудемді немістің оғына тосып, оқты еліме қарай жібермей осылай ұстап қалдым-деп күліп алып-соғыста оқ тиді-деп жымиятын. Ол тек жауынгер ғана емес еліне сыйлы адал азамат бола білді. Оны елі қатты құрметтейтін. Ол жанұяда мейірімді әке бола білген ардақты жан болған. Бірнеше жыл Шу өзеніне су келмей, арналары кеуіп, шабындық жерлерге шөп шықпай шаруашылықтарға үлкен қиындық төнген. 1989 жылы аудан басшылары еңбек демалысында жүрген әкемізді, ҚазССР-інің сол уақыттағы бірінші хатшысы Колбинге жіберген деседі. Бірінші хатшы орнында болмай орынбасары Н.Ә.Назарбаевтың қабылдауында болған екен. Сол жылдардан бері «Шу» өзенінің құсы шулап, балығы тулап жатыр.Үлкен қызы Нұржамал: -Біздің әкеміз елінің патриоты еді. Оған бір дәлел 1993-1994 жылдары ел егемендігін алған алғашқы жылдар. Біз әкемізге Алматы не Шымкент қаласынан ағайындардың үйіне тіркеліп кезекке тұрып Ұлы Отан соғысы ардагері ретінде үй алып беріңіз деп өтіндік. Сонда ол кісі:

-Мен қанымды отанымнан әлдене дәметіп төктім бе? Мен ең бай адаммын, Алла Тағалам маған сендерді берді. Ер азаматтың міндеті Отан қорғау болса, оған мен неге ақы сұрауым керек. Менің намысым ондай ұсақ нәрсеге жібермейді. Қазақстан егемендігін алып тәй- тәй баса бастады. Қазір ол сәби сияқты, жетелесең өркендейді, ал жармассаң құлап қалады. Мен жаңадан тұрып келе жатқан елімнің етегіне жармаспаймын,-деген екен.

Бір жолы Салтанат атты қызы әкесімен бірге аудан орталығынан ауылға қайтып келе жатады. Аудан орталығынан 3-4 ауылға шығатын жалғыз автобус. Адам көп болады. Жолда бір ауылдан қолында сәбиі бар бір жас келіншек мінеді. Сонда автобуста қырықтан астам адам отырса да орын берген бірі болмапты, қанша дегенмен жол ұзақ. Сонда әкелерінің жетпісті алқымдаған шағы екен. Орнынан тұрып: -Кел, қызым отыра ғой-деп орынын береді. Келіншек ұялып: -Жоқ, ата отыра беріңіз,-деп азар да безер болады.

-Балам, бір қолыңмен баланды көтеріп, бір қолыңмен автобустың белтемірін ұстаймын деп жығылып қалсаң балаңның бір жеріне зақым келер. Мен асарымды асап, жасарымды жасаған адаммын, ал балаңның болашағы бар, отыра ғой, қысылма, мені де сендей ана туған, мен де мына баладай бала болғанмын. Сен анасың, ал қолыңдағы періште менен де үлкен-деп күліп отырмасына қоймаған еді. Оның ұлылығын, даналығын ес жиғанда терең түсіндім-деп өткен күнге оралды.-Папамның, «қызым, өзгеге көмектесе алмасаң өкпелеме, тек көлеңкеңді түсіруші болма, әр адам құдайдың еккен ағашы сияқты, бірі биік бірі аласа, бірі ерте бірі кеш гүлдейді. Күндеуші болма, неге онда бар менде жоқ деме, менде болады деп өмір сүр, адамзатты сүй, ол сенің Алланы сүйгенің-деген сөзін мен үнемі ұлыма айтып отырамын дейді қызы Салтанат.



-Әскери комиссариаттан өтіп әскерге жарамды болғанда қатты қуаныпты. Ел қорғауға жарамай қаламын ба деп жүрген жас жігіттің бойында жауға деген ашу- ыза болмаса, ол кеудесін бораған оққа тоса алмас еді. Қарт жауынгер өзі туған топырағын өле- өлгенше басып кеткен бақытты жан. Бір жолы ұмытпасақ Ұлы Жеңістің алпыс жылдығының тұсында соғыс туралы әңгіме сұрап айнала отырған кісілерге айтып берген екен.

-Қырық бірдің күзі. Украина жерінде жау шабуылына тойтарыс беріп жатқанбыз. Октябрь, түнгі үштер шамасы, екі аяғымнан бірдей жараланып жүруге жарамай қалдым. Сонда өлем- ау деп ойламаймыз, тірі қалып тағы бірнеше немісті мерт қылуды арман етеміз. Жан емес, ел қымбат болған шешуші кез. Кіл неміс ішімен жүріп өткен сол он жеті күн күні бүгінге дейін есімде. Қанды көйлек досым дегенді ауыз екі сөзбен айтып үйреніп кеткенбіз, шын достықты мен сол майдан даласында сезіндім, сондай досқа құдай жолықтырған мен шынында да бақытты жан екенмін. Мені досым орманмен арқалап отырып жарамды таңып, өлер шаққа жеткен кезімде бір деревняға жеткізіп, украин шалы мен кемпіріне табыстайды. Ол кезде деревня немістердің қолында екен. Күніне үш мәрте неміс солдаттары үй- үйді тінтіп кеңес жауынгерлерін іздейді екен. Қолға түскенін жасырған адамдармен қоса атады. Сол шал мен кемпірі жандарынан қорықпаймені орыс пешінің астында жасырып жиырма бір күн бойы емдеп, тамақтандырып, жарамды таңып қатарға қосып шығарып салды. Сонда мені сол жандарға жеткізген досымның аты- жөні Талпақов Әбілдә. Өзі нағыз азамат. Мына қараңыз, құдайдың құдіреті екеуміз де елге аман оралдық. Ол қазір, Жамбыл облысының Сарысу ауданы, Байқадам елді мекенінде тұрады. Немере- шөбере сүйіп отыр. Сұрапыл соғыстан аман сау келуі досқа деген адалдығына алған сыйы болар. Қырық жыл қырқында ажалды өледі екен. -Қанша рет жараланып қансырап жатсам да өлем -ау деп ойлап көрмеппін. Біздер өлімнен қорықпадық, біз ел қорғай алмай мігіт болып бос өлуден қорықтық. Уақыт сондай еді. Ол кездің жігіттері нар қасқа болатын. Сол он жеті күнде қаншама немістің солдатын жер жастандырып атып кетіп отырдық. Басымызға қатерлі күн туғанда бірімізге- біріміз серт бердік. «Менің сүйегімді дұшпанға тірі берме, қолға түссек атып кет, бір оқ менің арлы өлімім үшін ана шинелімнің қалтасында тығулы жатсын -деуші едік. Ер өлімін қаладық. Қарындасы Үрметкүл ағалары соғысқа аттанғанда, 6 жасар бүлдіршін екен. Қарлығаш әжеміз соғыстағы балаларын ойлап жылағанда, сол кішкентай Үрметкүл «ағаларым аман келсе екен» деп қосыла жылайды екен. Сол періштенің тілеуі қабыл болғаны болар, інісі Досымбек те елге аман-есен оралып,өмірінің соңына дейін «Шу» совхозында тұрды. 1997 жылдың көктемінде дүниеден озды. Сүйегі туған жерінде жерленді. Ол кісінің өткір тілін, әзілқойлығын, мәрттігін, жомарттығын ел аңыз етіп айтады. Тілдімін деген талайды сөзден жығып, жүрген жерін қыран-топан күлкіге кенелтіп жүретін жайсаң жан еді. Балалары, немерелері қазірде «Шу» совхозында және Шолаққорған селосында тұрады. Кемпірінің есімі Несібелі. Халқының рухын көтере жүріп жетпіс жылдың жазына жетпей кетсе де туған жердің жер бесігінде тербеліп жатыр. Олардың рухы қуанған елімен бірге.

## Архив құжаттары сөйлейді

***Түркістан облысы, Созақ ауданы «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің Созақ, Бәйдібек аудандарындағы меншікті тілшісі М.Ж.Қарғабайға***

Сіздің өтінішізге сәйкес «Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Әжібеков қасымбек туралы құжаттардың скан-көшірмелерін жолдап отырмыз.Негізі: қор 3, тізімдеме 2л, іс 1906, бет 2, іс 2446, бет 4. Қосымша 2 парақ.

**Басшысы: Г.С. Шардарбекова.**

## Өндірістік мінездеме

Берілді осы мінездеме жолдас Ажибеков Қасымбекке. Туылған жылы 1922 жыл Ұлты қазақ. Білімі арнаулы орта білімді. Жуантөбе есеп шаруашылық магазинінде 1977 жылдың май айынан бастап сатушылық қызмет атқарады. Осы мерзім ішінде өзіне берілген товар айналым жоспарын артығымен орындап келеді. Коллектив ортасында беделді. Өзінің білімін күнделікті көтеріп отырады. Басшылар тарапынан ескерту сөгісі жоқ. Мінездеме тиісті орынға тапсыру үшін берілді.

Жуантөбе шаруашылық магазинінің директоры Жолдасбеков.

Жергілікті кәсіподақ ұйымының председателі. Сейділдаев.

## Партиялық және өндірістік мінездеме

Ажибеков Қасымбек 1922 жылы туған. Білімі орта. 1948 жылдан КПСС-тің мүшесі. Партиялық билеті №06231704. 1964 жылдан күні осы уақытқа дейін «Шу» совхозының №2 фермасының меңгерушісі болып қызмет істеді. Ажибеков Қасымбек жолдас өзінің саяси білімін үзбей көтеріп отырады. Совхоздың партия комитеті мен дирекциясы тарапынан берілген тапсырманы әлінің келгенінше орындап отырады. Көп жылдан бері партия- совет қызметінде істейді. Ажибеков Қасымбек моральдық жағынан ұстамды келешекте сенімді ақтайды. Халық арасында беделді кадрлардың бірі болып саналады. Осы мінездеме керек етілген орынға беріліп отыр. 10/09.1971ж

**Шу совхозының директоры: Түкібаев.**

**Парткомның секретары: Алиханов.**

# Жарқын із қалдырған жақсылар

**Серікбаев Қалмағанбет** 1904 жылы Ащысай поселкесінде дүниеге келген. 1922 жылдан, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін құрылыста жұмыс істеген. 1939 жылы апам Қызжанмен отау құрған. Соғыс уақытында Қалмағанбетті бронмен алып қалып, Ащысайда шахтада жұмыс істеді. Жауға атылған 10 оқтың 9-ында Қалмағанбет ақсақалдың қолының ізі бар. 1961-1962 жылдары өзінен кейінгі екі інісі Қордабай мен Әбілдәны ертіп Шу совхозына көшіп келіп жаңадан шаңырақ көтерген «Шу» совхозының іргe тасын қалаған. Зейнетке шыққанға дейін «Шу» совхозында еңбек етті. Елжұртына сыйлы, абыройлы, үлгілі отбасы болған. Қалмағанбет қария 1974 жылы 70 жасында дүниеден өтті.







**Жұбайы Оспанқызы Қызжан** 1921 жылы Сарысу ауданы, Жайылма совхозында дүниеге келген. 1939 жылы Қалмағанбетпен шаңырақ көтерген. Төрт түлік мал ұстап, түйе, сиыр сауып, құрт-майын, ірімшігін жасап отыратын апам. Өте еңбекқор, таза, кірпияз жан екен Қызжан апамыз. Қолынан ұршығы түспейтін. Қолғап, бас киім, тіпті түйе жүннен шалбарға дейін өз қолымен балаларына, немерелеріне тоқып береді екен. Соғыс жылдары тылда еңбек еткен алтын құрсақты ана. 11 құрсақ көтеріп, одан 4 ұл, 2 қыз тұрақтап қалған екен. Алты перзенттен 16 немере, 42 шөбересі бар. Қызжан Оспанқызы 1993 жылы өмірден озды.

Ұлдары **Серікбаев Исахмет Қалмағанбетұлы** 1946 жылы 29 қазанда Түркістан облысы, Ащысай ауылында дүниеге келді. Ащысайдағы М.Горький атындағы мектепті үздік оқып бітірген.

1962 жылы еңбек жолын Созақ ауданы, «Шу» совхозында құрылысшы болып бастаған. 1971 жылдан бастап есепші болып қызмет атқарды, ферма есепшісі, одан гараж есепшісі болып жұмыс жасаған. Сол гаражда табаны күректей 30 жыл есепші болып адал қызмет еткен. Одан кейінгі тоқырау жылдары жаппай қысқартуға ұшырады да, ары қарай жұмыс істемепті. 1997 жылы Жаңатас қаласына, бауырларының жанына көшіп барды. 2016 жылы 70 жасында Меккеге қажылыққа барып келген. 2021 жылдың 1 шілдесінде Исахметте дүниеден өтеді.

# Білім шырағын Шуда жаққан

Иманбеков Мұхат Иманбековұлы 1920 жылы Созақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Иманбек Әліпбайұлы 1930 жылғы Созақ көтерілісін ұйымдастырушы болған және діни қазылық еткен. Сол жылы «халық жауы» деген атпен атылған. 1930 жылы Мұхат Иманбековті Арыс қаласындағы балалар үйіне жіберген. 1936 жылы Түркістан қаласындағы педагогикалық училищесінде білім алған. 1939-1941 жылдар аралығында Түркістан қаласындағы Ленин атындағы мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. 1941 жылдың сәуір айынан бастап 1943 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Украйна майданында 92/93 атқыштар полкінде болған. 9 мамыр 1945 жылы «За победу над Германиеей» медалімен, 1945 жылдың маусым айында «За доблестный труд» медалімен марапатталған. 1944-1962 жылдар аралығында Созақ, Энгельс қаратау, тасты, талапты аудандарында бастауыш мектеп меңгерушісі, мектеп директорлығы орынбасары қызметтерін атқарған. Шымкент қаласындағы педагогикалық институтты бітірген жоғары білімді ұстаз. Тарих пәнінің маманы.1962 жылы Шу совхозы құрылған тұста алғашқы мектеп директоры қызметін атқарған. 1962 жылы мектеп алғашында «Жолөткен сегіз жылдық мектебі» болып атанған. Кейіннен Ю.А. Гагарин атындағы орта мектеп болып өзгертілген.1981жылы мамыр айының бірі күні Иманбеков Мұхат дүниеден озды. Жан жары Салмақ Нұрпейісқызы 1925 жылы Созақ елді мекенінде дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауыл-аймақтағылармен бірге тылда еңбек етіп, әскерлерге азық-түлік пен киімкешек дайындау жұмыстарын атқарған. 1943 жылы майданнан жараланып оралған Иманбеков Мұхат Иманбекұлы екеуі 1944 жылы шаңырақ көтеріп, 10 ұл-қыз тапқан және олардың жетеуін өсіріп, жеткізген. 2010 жылғы сәуір айының 16 жұлдызында жарлық бойынша «Алтын алқа» медалімен марапатталған. 2011 жылы 14 тамыз күні дүниеден қайтты. "Тау ішінде мүлгіген тыныштық. Екі адам бірі ілгері, бірі кейін аяңдап келеді. Үлкені атын жетектеп, басы салбырап, оқтын-оқтын ауыр күрсінеді. Өйтпегенде ше? Ғұмыр тарихында ішсе асы, мінсе көлігі, басындағы баспанасына дейін түгел осы келе жатқан жалғыз тұяқтың әкесінің ықпалы еді. Тар жол тайғақта серігі болған ағайынның бір түйір ұлының



жетім атанғанын бітіп қалғыр құлағы қалай естіп, көзі қалай көрді екен? Онысымен қоймай түнделетіп тау асып Түркістанды бетке алып бара жатқаны мынау. Қарманып артына қарады. Бала үрейленіп, жағы қуарып, арқыраған асау өзеннің дауысынан асып бір тың тыңдағандай онсыз да үлкен көздері тіпті үлкейіп кетіпті. Аялдап шылбырды сол қолына алып баланың қолынан ұстады. Дүние есігін ашқалы қанатының асытына алған туысының жалғызын бұл шарасыздан балалар үйіне өткізбек. Басқа амал жоқ. Бәрін саналы түрде ұққан бала тағыдырына мойын ұсынғанындай. Айтқан өсиет ақылын бәрін тыңдап келеді. қараңғыда басын шұлғып мақұлдап қояды. Жүзіне барлап қараса бетін жас жуып кетіпті.Ертесіне түс ауа жалғыз атты дауыс салып жоқтау айтып терiскейдi бетке алып келеді. Лағынет айтып қамшысымен өзін өзі осып-осып жібереді. Кенет тоқтай қалып: «Кешіре гөр мені, құдырет! Жетімнің қасында бол, қасиет! Менде басқа амал жоқ. Орнында бар оңалар. Мен оны қайтадан елге алып келем! Тек осы зобалаң бітсе, ел тыныштығы орнаса екен»-деп аттылы жерді құшып тауға уәде берді.«Бай құлақ»-деген жаламен атылып кеткен Иманбектің ұлы Мұхат туған түтіні ұшқан аспанын кейде көзін жұмып көзіне елестететін. Тымырсық тар төсекті. Темір астаумен өлшеулі ас беріп асыраған балалар үйінде анасын, кемел зерделі арда кеткен әкесін, орыстар атқа өңгеріп тартып алып кеткен қарындасын ойлағанда ұшар шыңнан құлаған қойтастай жаны емес тәніне дейін сыздайды. Мұхат өшін білімнен, адамгершіліктен, өнерден алғандай. Бір бойынан бәрі табылды. Орыс тілін де жетік меңгерді. Қандай керім бозбала болып өсті. Домбырамен ән салғанда үн емес жанның дауысы бұлбұлға айналып оның аузынан шыққандай еді.

Аттылы кісі құдыретті аузына алып жер құшып басын көкке көтеріп тауға берген уәдесін орындады. Мұхатты жылдар өте келе саясаттың сызаты көмескіленгенде елге алып келді. Бірақ бозбаланы Ұлы Отан соғысы күтіп тұрған. Елмен бірге елді қорғауға аттанып кете барды. Соғыстан жараланып қайтқан солдат елге оралып алғаш ашылған мектепте әрі ұстаз, әрі басшы, әрі әке болды. Өмірлік серігі аса сұлу Салмақ дүниеге бес ұл екі қыз әкелді. Әрқайсысына мұхиттан сүзген маржандай тәрбие мен мейірім сыйлады. Өзі қапияда көз жазып қалған отбасы жылуын балаларына барынша беруге ұмтылды. Осы жолда өзі жыр, өзі дастан, өзі тарих, өзі осының бәріне мысал бола білді. ....

Бірақ ол балаларының толық жетілген күнін көре алмай дүниеден озды. «Әкешім»-деп ұл қалды. «Қорғанымыз»-деп қыз қалды. «Ғұмырым»-деп сүйген жары қалды. Әке тілегін жүректеріне орап балалары ұрпақ жалғастырды. Аталарының ақталып есімдері тасқа қашалған ескерткішке Мұхаттың ұрпағы қойған шоқ гүлдер: «Аталарының ақтығына біз куәміз»- деп жатқандай,-дейді өз естелігінде немересі Қарлыға қыз. Жақында ұлы мен келіні Әли ағай мен Гүлшара әпкеміз Түркістан облысы бойынша өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауынан жүлдемен оралды. Ол д болса қанмен келген тектіліктің нәрі болса керек. Мұқаңның ұл-қыз немерелері ата жолымен ұстаздық жолда келе жатыр. Бұл отбасының ұстаздық өтілі бір ғасырдан асып кетеді. Жарқын із тек болашаққа бастайды деген тімсіл осы әулетке арналғандай.

## Шуға кел!

*Көк майса шалғыны тұнған жер,*
*Балалық, сағымды қуған бел.*
*Сағынсаң сайы мен жалдарын,*
*Жан досым шуақты Шуға кел!*

*Сәкен мен Кенжебек туылған,*
*Суыңа шәрбатты жуынған.*
*Атыңды әніне қосқан мың,*
*Манарбек сияқты ұлыңнан.*

*Арнама, өзен бе, су ма, көл,*
*Ынтық па ындыны құмға шөл.*
*Құмыра жастанған құмдары,*
*Көнелі, шежіре Шуға кел!*

*Кім неден, кім нені ұтты екен,*
*Көңілім Шу десе күпті екен.*
*Мен сені ойлаймын, сағынам,*
*Шырайлы, шуақты құт мекен!*

*Ынтымақ пейілмен ұйыған,*
*Несібе ырыс боп құйылған.*
*Қайратты, жалынды жастары,*
*Еңбектің бағына жиылған.*

***Беттерді дайындаған: Мақсат ҚАРҒАБАЙ, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.***

**Созақ аудандық мәслихаты**
**ШЕШІМ**
